

ТАҚЫРЫБЫ: ЖАСЫРЫН ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІ.

Орындаған: Рахматулла А.

Тобы: Юм-14-1к5

Қабылдаған: Альшуразова
Р.

ҚПК бойынша жасырын тергеу әрекеті деген
– осы Кодексте көзделген тәртіппен және
жағдайларда сотқа дейінгі іс жүргізу
барысында өздерінің мүдделеріне қатысы бар
қылмыстық процеске тартылған тұлғаларға
хабарламай жүргізілетін әрекет болып
саналады.



Қылмыстық процестік кодекстің ережелеріне сәйкес мынадай жасырын тергеу әрекеттері:

- адамды немесе орынды жасырын аудио және (немесе) бейнебақылау;
- электр (телекоммуникация) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу;
- абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу;
- компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу;
- пошта жөнелтілімдерін және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау; - орынға жасырын кіру және (немесе) оны тексеру;
- адамды немесе орынды жасырын байқауға алу;
- жасырын бақыланатын жеткізілім;
- жасырын бақыланатын сатып алу;
- жасырын ендіру және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялау жүзеге асырылады.

Жасырын тергеу әрекеттері ойда жоқта пайда болған жоқ, ол 1994 жылдың 15 қыркүйегінде қабылданып, қолданыста жүрген «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңнан алынып отыр, яғни қылмыстық істер бойынша өткізілетін жедел-ізвестіру шаралары процессуальды рәсімделген жаңа тараумен толықтырылып, «жасырын тергеу әрекеттері» санатына ауысып отыр.

Бұл, қылмыстық сот жүргізу мен дәлелдемелердің жарамдылығы принципін сақтауды қамтамасыз етуде. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу шарттары мен негіздері болып, қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайларды, қылмыстық процеске тартылған тұлғалардың мүдделерін қозғайтын фактілер туралы мәліметтерді оларға хабарламай алу қажет болуы жатады.

Сондықтан, заңнамада көзделмеген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыруға, сондай-ақ оларды жүргізу барысында алынған ақпаратты пайдалануға жол берілмейді.

Сонымен бірге жасырын тергеу әрекеттерінің қолданылу аясы да кеңейіп отыр. Егер де бұрынғы заң бойынша телефонмен сөйлесулерді тыңдау мен жазып алу өз күшін жойған Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (Бұдан әрі-ҚІЖК) 237 бабында белгіленген қылмыстар тізбесімен шектелсе, жаңа ҚПК бойынша жасырын тергеу әрекеттері, жасағаны үшін санкциясы бір жылдан бастап және одан да жоғары мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын көздейтін (ҚПК-тің 232 бабының 4 бөлімі) қылмыстар туралы істер және қылмыстық топ дайындайтын және жасайтын қылмыстар бойынша жүргізіледі. Жасырын тергеу әрекеттері қолданылуы мүмкін қылмыстардың тізбесінің кеңейтілуін, экономикалық қылмыстардың мысалынан көреміз. Ескі қылмыстық іс жүргізу заңнамасы 3 экономикалық қылмыстар құрамы бойынша: жалғанкәсіпкерлік (ҚК 192 б.), қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (193 б.) және экономикалық контрабанда (209 б.), әңгімелесу мен телефонмен сөйлесулерді жасырын тыңдау мен жазып алуға рұқсат ететін.

Ал, керісінше, мынандай қылмыстар заңсыз кәсіпкерлік пен банктік қызмет (190, 191 баптар), монополистік қызмет (196 б.), ұлттық және шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармау (213 б.), ұйымдарға салынатын салықты төлеуден жалтару (222 б.), ол қылмыстарды жасағаны үшін бірдей санкциясы болса да (2 немесе 3 жылдан бас бостандығынан айырудан аспайтын), жедел-ізвестіру қызметінің әдістерімен құжаттандырылуға жатпайтын. Бұл тек, экономикалық блоктың мемлекетке едәуір шығын келтіретін негізгі баптары. Сондықтан заң шығарушы орган, қылмыстан бюджетке орасан шығын келтіріп жатқанда, кінәлілерді анықтауға мүмкіндіктер жоқ кезде, кейбір дәлелдемелерді, тек жасырын түрде алуға болатындықтан, біз әрекетсіз қалмауымыз үшін, осындай қадамға барып отыр. Бұрынғы ҚІЖК-де телефонмен немесе басқа да құрылғымен жүргізілген сөйлесулерді жасырын тыңдау мен жазып алудан бөлек, қылмыстық іске қатысы бар техникалық, оның ішінде компьютер байланыс каналдары арқылы берілген хабарларды ұстап алу және компьютерлік жүйеден ақпараттарды алу қаралса, жаңа ҚПК-те ол жасырын тергеу әрекеттері 10-ға дейін көбейтілді, оның 6-ы прокурордың санкциясымен жүргізіледі. ҚПК-те жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге санкцияны беретін лауазымды қызметкерлердің толық тізімі берліп отыр, оларға Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары және оған теңестірілген прокурорлар жатады. Бұрын бұл тізім ҚР «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңында (12 б. 4 т.) ғана көрсетілген болатын.

ҚПК-те жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге санкцияны беретін лауазымды қызметкерлердің толық тізімі берліп отыр, оларға Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары және оған теңестірілген прокурорлар жатады. Бұрын бұл тізім ҚР «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңында (12 б. 4 т.) ғана көрсетілген болатын. Кәсіби көмекті жүзеге асыратын адвокаттар ауыр немесе аса ауыр қылмыс дайындап жатыр немесе жасады деп пайымдауға негіз болған жағдайларды қоспағанда, оларға қатысты жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге тыйым салынады. Бұл новелла болып табылады, бұрынғы заңда ондай тыйым салу болмаған еді. Қылмыстық-процестік кодекстің нормасына сәйкес кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, прокурорды жиырма төрт сағат ішінде хабардар ете отырып және кейіннен көзделген тәртіппен санкция ала отырып, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге жол беріледі. Прокурор ұсынылған материалдарды зерделей отырып, жүргізілген жасырын тергеу әрекетінің кейінге қалдыруға болмайтынымен келіскен жағдайда, жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы қаулыны санкциялайды, ал келіспеген жағдайда оны тоқтату және алынған нәтижелерді дәлелдемелер ретінде пайдалануға жол берілмейтіні туралы қаулы шығарады. Ескі ҚДЖК 237 бабы бойынша көрсетілген жағдайларда прокурор санкциясыз өткізілген тергеу әрекетінің заңдылығы немесе заңсыздығы жайлы қаулы шығаратын. ҚПК 237 бабына сәйкес санкциялануға жататын жасырын тергеу әрекеті отыз тәуліктен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді жалғастыру қажет болған кезде оларды жүргізуге бастамашы болған орган мерзім біткенге дейін үш тәулік бұрын оны белгілі бір мерзімге ұзарту қажеттігі туралы уәжді қаулы шығарады және санкциялау туралы мәселені шешу үшін прокурорға жібереді. Прокурор бұл ретте қаулыда көрсетілгеннен аз мерзім белгілей отырып, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді ұзартуды санкциялауы мүмкін.

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы жүргізу мерзімін облыс прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор алты айға дейін ұзартуы мүмкін. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу мерзімдерін одан әрі ұзартуды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасарлары жүзеге асырады. Жасырын тергеу әрекеті тәуліктің кез келген уақытында және оның бүкіл жүргізілу мерзімі ішінде үздіксіз жүзеге асырылуы мүмкін. Жасырын тергеу әрекетін жүргізу нәтижелері туралы ол аяқталған күннен бастап екі тәуліктен кешіктірілмей оны жүргізуге санкция берген прокурор хабардар етіледі. Қазіргі кезде осы өзгерістер енгізілгелі бері, әскери құқыққорғау органдарымен өткізілген жасырын тергеу әрекеттерінің саны біртіндеп өсіп келеді.

Қорытынды:

Қылмыстық процестік заңнамаға енгізілген осы оңды өзгерістер азаматтардың конституциялық құқықтарының, оның ішінде жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына, жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына оң әсерін тигізеді.

Қорыта айтқанда, қылмыстық процестік заңнамаға жасырын тергеу әрекеттерінің өткізілуінің енгізілуі азаматтардың құқықтарының сақталуына кепіл болып, қылмыстардың жедел ашылып, жан-жақты толық тергелуіне әсер етеді.